

ҚР ҰҒА-ның Хабарлары.

Тіл, әдебиет сериясы. 2003. № 6.

Д.Ж. АХМЕДЖАНОВА

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ
(У. Теккерейдің «Күйкі тірліктің жәрмеңкесі» шығармасы негізінде)

Әрбір ұлт тілдеріндегі түпнұсқа шығармаларды екінші бір тілге тәржімалауда кездесетін ең қиын мәселе көркем әдебиет тіліндегі бейнелі

сөз орамдарын аудару болып табылады. Себебі, ұлттық менталитет, ұлттық болмыс жөнінде мол мағлұмат беретін мәдени «ақпарат» көзі саналатын фразеологизмдер тілдік бірлік ретінде компоненттік құрылым-құрылысы және сол компоненттер жиынтығынан туындайтын семантикалық ерекшелігі жағынан еркін тіркестердей емес, өзіндік күрделілігімен ерекшеленеді.

Әдеби көркем шығармадағы қолданысқа ие болған тұрақты тіркестерді аудару — аудармашыдан жазушылық шеберлікті, жоғары танымдық-психологиялық деңгейді және ерекше көкейкөзді (интуицияны), екі тілді, яғни түпнұсқа шығарма тілі мен аударылатын тілді тепе-тең дәрежеде білуді талап етеді. Аудармашыға қойылатын және бір талап, ол аударылғалы тұрған шығарма тілін ғана емес, тіл иесі — халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, рухани дүниесін, ұлттық болмысы мен мәдени ерекшеліктерін жетік меңгеріп, тани, түсіне және тіл байлығынан ұлттық нышаны бар тілдік бірліктерді, ұлттық стереотиптерді өз орнымен, үйлесімін тауып қолдана білгенде ғана сәтті аударма жасалуы мүмкін.

Демек, тіл-тілдердің сөздік қорындағы рухани байлықтың құнарлы көзі саналатын фразеологиялық бірліктер ұлт менталдылығынан, қалыптасу, даму кезеңіндегі күллі тіршілік тынысынан хабардар етеді.

Сондықтан да болар ұлттық бояуы, мәнерлілігі, бейнелілігі, тіркес құрамындағы компоненттердің байланысу сипаты және мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы және даяр қалпында қолдану тәрізді релеванттық белгілеріне орай тұрақты тіркестер, оның ішінде фразеологиялық орамдар тілдегі өзге лексикалық бірліктерден ерекшеленіп тұрады.

Аударма теориясы мен практикасының негізін салушы ғалымдардың бірі А.В. Федоровтың «Жалпы аударма теориясының негіздері» атты еңбегінде фразеологизмдерді үш жолмен: түпнұсқадағы тілдік бірлікке теңбе-тең балама боларлық, мағынасы, бейнелік негізі тұрғысынан өзара сәйкестеніп келетін фразеологизмдермен беру; тұрақты тіркестерді екінші тілге тура аудару арқылы мән-мағынасын беру (калька); мағыналас тілдік бірлік болмаған жағдайда айтылар ойды, фразеологиялық мағынаны оқырманға сипаттама аударма көмегімен беруге болатындығы айтылады. Аударма мәселесі, аудармаға қойылатын талаптар, тәржімалау барысында ұстанатын басты принциптер тәрізді мәселелер Н.Л. Шадрин, Э.М. Левицкая, А.М. Фитерман, К. Мусаев, І. Кеңесбаев, Ө. Айтбаев, А. Алдашева еңбектерінде қарастырылып, теориялық тұжырымдар жасалған. Мысалы, Қ.Сағындықов еңбегінде мақал-мәтелдер мен идиомаларды аудару барысында ұстанатын басты принциптер атап-атап көрсетіледі, яғни: фразалық тіркестерге негіз болатын ұйтқы сөздің заттық-образдық белгісі сәйкестігі; фразалық тіркестің нысаны мен мазмұнын дәл жеткізу принциптері, сондай-ақ қазақ тіліндегі мағынасы жағынан ұқсас баламаларды қолдану — қандай аудармада да болмасын ескерілуі тиіс.

М. Горькийдің бірнеше туындысының төл және аударма нұсқаларындағы фразеологизмдерді жан-жақты зерттеген ғалым Ө. Айтбаев: «Фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударудың тәсілдерін мынадай үш топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, мақал-мәтел құрамындағы сөздердің заттық мағынасын түгел беріп, дәл аударуға болады. Екіншіден, кейбір сөздердің заттық мағынасын өзгерткіреп аудару керек. Үшіншіден,

аударылатын тілдегі фразеологизмдер мен мақал- мәтелдерді пайдалану қажет», — деп аталмыш мәселе жөнінде өзіндік пайымдауларын ұсынады.

Аталмыш мәселені зерттеу барысында аударудың дәстүрлі түрде қалыптасқан тәсілдеріне *сөзбе-сөз* (калька), *адекватты* (балама эквивалент) және *еркін* (вольный) аударма амалдары жататындығы айқындалды. Алайда, аудару амал-тәсілдерінің аясын кеңітетін пайымдаулар да жоқ емес. Мысалы, И. Ревзин, Ю. Розенцвейг сынды ғалымдар олардың қатарына *қарапайымдалған* (упрощающий), *бейімделген* (адаптированный) деген түрлерімен толықтырады [7,25]. Сөзбе-сөз, балама эквивалент және еркін түрде аударылған ФБ-тің стильдік қызметті жеткізуі де әр қилы. Себебі, тіл-тілдердегі фразеологиялық орамның ішкі формасы, бейнелік фондық (аялық) тіл, мәдениет, өркениет деп аталатын үш түпдеректің өзара байланысынан, тұтастығынан құралады. Халық тілі, дүниетанымы жалпыхалықтық мәдениет ұштастығынан туындап, дүниенің тілдік көрінісін ерекше үйлесімін тауып шебер бейнелейтін ФБ-тердің құрамындағы компонент мүшелердің екінші тілде өзара мағыналас келетін сыңары көрнекті ғалым М.М. Копыленко абсолют эквивалент немесе теңбе-тең баламасы болмауы мүмкін деп таныған. Мысалы, діни-наным сенімдерге байланысты немесе ұлттық-тұрмыс тіршілігі негізінде пайда болған тіркестердің, ішкі формасында ұлттық болмыс көріністері ізін сақтаған (*ай десе аузы, күн десе көзі бар; бота көз; ешкінің асығындай; айыр көмей жез таңдай; қара қылды қақ жарған; бес биенің сабасындай; лағынет қамытын кию; азуын айға жаныған, ала жібін аттамау* т.б.) бейнелі, тұрақты тілдік бірліктердің ағылшын тілінде өзара мағыналас келетін немесе дәлме-дәл эквиваленттері болмауы заңды. Мұндай жағдайда аудармашы фразеологизмдерді образ жүйесін сақтай отырып тіларалық баламасын табу, калька (сөзбе-сөз аударма) сипаттама аударма, лексикалық тура балама және түсіндірме аударма әдістеріне сүйенеді.

Дегенмен, ағылшынның көрнекті жазушысы Уильям Теккерей шығармасының қазақ тіліндегі аударма нұсқасынан ерекше үйлесімді, бейнелі тіркестерді, сәтті баламаларды кездестіруге болады. Мысалы,

- In a word George *had thrown the great cast*. He was going to be married сөйлеміндегі *had thrown the great cast* ұлттық бейнелік негізі имплицитті түрде берілген (тасаланған) фразеологизмнің мән-мазмұны аудармада *тәуекелге бел байлау* тіркесі арқылы оқырманға дәл жеткізіледі.

- Қысқасы Джордж *тәуекелге бел байлап* үйленбек болды.

“open the flood-gates” - «*іштегі дертті шығару*»

-... the flood-gates were opened, and mother and daughter wept

-...ана мен қызы *іштегі дертін шығарып*, көз жастарын ағыл-тегіл төкті.

Бұл сөйлемдегі *open the flood-gates* тұрақты тіркесінің мағынасы қазақ тіліне *іштегі дертті шығару* бейнелі орам арқылы өте сәтті аударылған.

У. Теккерейдің төл туындысында қолданылған фразеологизмдердің аударма нұсқалардағы сәтті аударылған балама бірліктеріне тағы бірнеше мысал келтірейік.

... Have a care, Joe, that girl is *setting her cap at you*.

... Джо, абай бол, мынау қыз сені *торға түсірмекші* (*set one's cap at smb*

- *торға түсіру*)

- Amelia's maid was *heart and soul* in favour of Dobbin.

Эмилияның күтушісі жан-тәнімен Доббинге берілген адам (*heart and soul – жан-тәнімен берілу*)

- He shot a man in a duel – he's *over head and ears in debt*.

Ол дуэльде адам өлтірді, ол бақайшағына дейін қарызға батып болған (*be head and ears in debt – бақайшағына дейін қарызға бату*)

- ... the governess had come and *had the upper hand* of the whole house...

...гувернантка бәрін баурап алды, қысқасы осы үй ашса алақанында, жұмса жұдырығында... (*have the upper hand – ашса алақанында, жұмса жұдырығында*)

- *From time immemorial* strength and courage have been the theme of bards...

Батылдық пен күштілік атам заманнан аңызға, жырға айналып келе жатыр емес пе? (*from time immemorial – атам заманнан бері*)

- Heaven help us! The girls have only *to turn the tables* and say of one of their own sex and say, "she is as vain as a man", and they will have a perfect reason"

Құдай жар болғай! Қыздар болса біздің оған айтқан сөзіміздің тонын айналдырып: "Бұл қыз еркектер сияқты тәкәппар" деп айтса, ол да жөн. (*turn the tables – тонын айналдыру (-ып айту)*)

Аудармада фразеологиялық мағынаны калькалап беру тәсілі арқылы жеткізуге болатынын атап өткенбіз. Калька (сөзбе-сөз аудару) тәсілі төл тілге тән нышанды, үйлесімділікті сақтай отырып, тілдік бірліктің сырт формасы (тұлғасы) мен ішкі мазмұнын дәл сол қалпында аудару деп түсінеміз. Кальканың, яғни сөзбе-сөз аудару тәсілінің тілдің сөздік құрамын байытуда маңызы зор. Мысалы, ғылыми және ресми іс-қағаздар терминдерінің, құжаттардың сөзбе-сөз аударылуы, оның дұрыс деп танылуы қоғамның динамикалық процестеріне, әлеуметтік факторларға байланысты. Алайда көркем әдеби туындыларды тәржімалауда калька тәсілін тиімді деп айту қиын, бірақ та сәтті аударылған микромәтіндердің де кездесетіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай жұмыс түрлері: а) жазушының шығармашылық деңгейін; ә) аудармашының білімділігі мен біліктілігін, сөз таңдаудағы шеберлігін; б) аудармада жіберілген жаңсақтықтарды, сондай-ақ сәтті аударылған микромәтіндерді анықтауға; в) балама бірліктердің дұрыс-бұрыстығы т.б. бірқатар мәселелерді айқындауға септігін тигізеді.

Мысалы:

- The truth is, she had quitted the premisses for many hours, and upon that permission which is called *French leave*.

- Оның мәнісі бұдан бірнеше сағат бұрын ол француздардың әдетімен табанын жалтыратқан-ды. (*French leave – француздардың әдетімен табанын жалтырату*)

- ... a considerable state of excitement, by two events, which as the papers say, might give employment to *the gentlemen of the robe*.

... ақсүйектер қауымын екі оқиға қатты абыржытты. Мұны газеттер "мантия киген джентльмендерді дуылдадатын іс болар еді" деп жазды. (*gentlemen of the robe – мантия киген джентльмендер*)

- I'm sure that the widow and child whom you have ever protected and loved will always *have a corner in your heart*.

- Сіз қамқорлық жасаған, әрі ұнатқан жесір мен бала сіздің жүрегіңізден өрқашан орын табарына сенімім мол. (*Have a corner in smb's heart – (біреудің) жүрегінен орын табу*)

make a noise – шу шығару

- As they were discussing that meal, he asked the secretary whether he knew anything about a certain Mrs Crawley, who *made some noise* in London.

- Тамақтанып отырғанда сөз арасында Лондонда үлкен шу шығарған миссис Кроули деген болған сияқты еді? – деп сұрады ол (*make a noise* – шу шығару)

- Mr Stubble, as may be supposed from his size and slenderness, was of the *Light bobs*.

- Бойының тәпелдігіне, жүдеулігіне қарай мистер Стабл жеңіл инфантерия жататын (*light bobs* – жеңіл инфантерия)

- ... “Do they talk *the language of flowers* at Boggley Wollah, Sedley?”, asked Osborne laughing.

- Қалай Седли, сіздердің Богли-Уоллахтарыңызда гүлдің тілімен сөйлесе ме? – деп сұрады Осборн күліп (*the language of flowers* – гүлдер тілі)

3) тілдік бірліктердің мазмұндық құрылымын (план содержания) дәл жеткізу мақсатында трансформациялаудың бір түрі – нақтылау да аударма нұсқада жиі қолданылған. Мысалы:

- He was admitted into Dr Swishtail’s academy upon what are called “*mutual principles*”

- Доктор Суиштейлдің оқу орнына “өзара алмасу жолымен”, яғни оқыту шығынын ақшалай емес заттай төлеуге келісті (*mutual principles* – (сөзбе-сөз)өзара алмасу жолымен)

A pocket pistol – қалта тапанша

- Mrs O’ Dawd... showed away in the cloak pockets a light package of portable refreshments and a wicker-covered flast or *pocket pistol*.

Сұлығының қалтасына шақтап тамақ, “қалта тапанша” аталған ішіне пинтке жуық күшті коньяк құйылған тоқыма құмыраны да салды.

(*A pocket pistol* – қалта тапанша)

4) Жалпыхалықтық қордағы тұрақты тіркестер үлгісімен жаңа тілдік бірліктерді жасау окказионализмдер немесе дәстүрлі қолданыстағы тізбектердің көркемдік, стильдік мақсатқа орай өңделіп қолданылуы, яғни құрамындағы компоненттердің ықшамдалуы немесе керісінше, ұлғайтылуы, басқа сөздермен ауыстырылып берілуі т.б. Мысалы:

- Well, Becky, come back if you like. *You can’t eat your cake and have it.*

- Жарайды, Бекки. Қайтамын десеңіз, қарсы емеспін. *Өткен қайтып келмейді, өгіз аттай желмейді.*

5) түсіндірмелі баламалар. Мысалы:

offer smb one’s hand – (тура мағ. қолын ұсыну) қолқа салу

- Sir Pitt offered me his hand....

Сэр Питт маған тұрмысқа шық деп қолқа салды ... (*offer smb one’s hand* – (тура мағ. қолын ұсыну) қолқа салу)

Сонымен, У.Теккерей шығармасындағы фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылу амалдарын қарастыра отырып мынадай қорытынды жасауға болады:

Тұрақты тіркестерді тәржімалау – аударма теориясы мен практикасы үшін күрделі мәселелердің бірі. Әсіресе, оларды көркем шығарма контексінде аудару үлкен шеберлікпен қоса, тіл иесі – ұлттың мәдени өмірін, тұрмыс-тіршілігін, болмысын, дүниетанымын танып білуді, салт-санасын жетік меңгеруді талап етеді.

У. Теккерей шығармасындағы фразеологизмдердің қазақ тіліндегі аудармасын түпнұсқамен салыстыра қарастыра отырып, микромәтіннің мазмұнын аудармашының тілдік бірліктердің теңбе-тең баламасын табу, калька (сөзбе-сөз аударма), түсіндірмелі балама, нақтылау амалдары және автор тарапынан өңделіп қолданылған окказионал фразеологизмдер арқылы жеткізіп отырғандығы айқындалды.

Аудармашы лексикалық, стильдік қызметті, семантикалық құрылымы жағынан дәлме-дәл баламалармен қоса калька әдісін қолданып, аударма сапасына нұқсан келтірмей, аударма нормасын бұзбай, түпнұсқадағы негізгі мазмұнды, көркемдікті, образдылықты толыққанды жеткізе білген.

Көркем шығарманың аударма нұсқасында кейбір үйлесімі, үндестігі бұзылған, сәтсіз тәржімаланған кіші мәтіндер (фразеологизмдер) де кездесіп отырады. Алайда аударма нұсқаның сапа деңгейін анықтау мақаланың зерттеу нысаны қатарына жатпайды, жұмыстың мақсаты - әйгілі қаламгердің төл туындысындағы бейнелік тілдік орамдардың аудармада берілу амалдары. Аталған мәселенің алдағы зерттеу жұмыстарының бірінде қарастырылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, 1999. 65-б.
2. Айтбаев Ә. М. Горький шығармасындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары. Алматы, 1971. 180-б.
3. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. М.: Высшая школа, 1968. С. 65.
4. Ревзин И.И. К обоснованию лингвистической теории перевода // Вопросы языкознания. 1962. № 2. С.125.
5. Левицкая Т.Р., Фитерман А.М. Обновление фразеологических единиц и передачи этого приема при переводе. 1968. № 5.
6. Thackarey W. Vanity Fair.
7. Теккерей У.М. Күйкі тірліктің жәрменкесі (Ауд. Б. Қ. Албани) Алматы, 1999.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАР АРХИВІ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

6.2003



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ
6 (142)

ҚАРАША – ЖЕЛТОҚСАН 2003
НОЯБРЬ – ДЕКАБРЬ 2003

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ
“Ғылым” ғылыми баспа орталығы

КАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ